

**Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет құрамы және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 10 өкімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшесі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 105 шешімі, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшесін тағайындау туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 106 шешімі және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының ұсыныстары негізінде:

1. Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитеттің қоса беріліп отырған құрамы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның энергетика және инфрақұрылым жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) Т.А. Мансұров Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет отырыстарында төрағалық етеді (Консультативтік комитет төрағасы) деп айқындалсын.

3. Мыналардың:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет туралы" 2012 жылғы 28 маусымдағы №195 шешімінің 2-тармағы үшінші абзацының және 3-тармағының;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет құрамына өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 5 ақпандағы № 16 шешімінің;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет құрамына өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 1 қазандағы № 202 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 24 ақпандағы  
№ 10 өкімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет

### Қ Ұ Р А М Ы

Армения Республикасынан		
Баграмян Гарегин Каджикович	-	Армения Республикасының қоғамдық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комиссия аппаратының Тарифтік саясат басқармасының бастығы
Бадалян Айк Гарникович	-	Армения Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Даму басқармасы бастығының міндетін атқарушы
Будагян Абгар Юрикович	-	Армения Республикасының қоғамдық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комиссия аппаратының Даму және мониторинг басқармасының бастығы
Исаян Иосиф Георгиевич	-	Армения Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрінің орынбасары
Мелконян Тигран Шагенович	-	Армения Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Сыртқы байланыстар басқармасының бастығы
Тадевоян Грант Хачикович	-	"Газпром Армения" жабық акционерлік қоғамы бас директорының орынбасары, бас инженер
Беларусь Республикасынан		
Ефимчик Сергей Петрович	-	Беларусь Республикасы Экономика министрлігінің Мұнай, химия және фармацевтика өнеркәсібі басқармасының бастығы
Закревский Вадим Александрович	-	Беларусь Республикасы Энергетика министрінің орынбасары
Зорич Андрей Михайлович	-	Беларусь Республикасы Энергетика министрлігінің Стратегиялық даму және сыртқы инвестициялық ынтымақтастық басқармасының бастығы
Крутой Дмитрий Николаевич	-	Беларусь Республикасы Экономика министрінің орынбасары

Павлов Виталий Петрович	-	"Белнефтехим" концерні төрағасының орынбасары
Рудинский Леонид Иванович	-	"Белтопгаз" мемлекеттік өндірістік бірлестігінің бас директоры
Қазақстан Республикасынан		
Байбазаров Нұрлан Серікұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту департаментінің директоры
Боранғали Айбек Тілекқабұлұлы	-	"KAZENERGY" мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары Қазақстандық қауымдастығы бас директорының кеңесшісі
Дүзбаева Мейрамгүл Алтынбекқызы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары
Жантасов Темірлан Бекетұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық экономикалық интеграция департаменті Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру мәселелері жөніндегі басқарма басшысы
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	-	Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі
Нұрмағамбетов Сауық Сағадатұлы	-	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің халықаралық ынтымақтастық және экономикалық интеграциялық процестер департаменті директорының орынбасары
Отарова Айнұр Кеңесқызы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің басқарма басшысы
Рабай Яромир	-	"KAZENERGY" мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары Қазақстандық қауымдастығының мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі департамент директоры
Сукуров Нұрболат Николаевич	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Мәскеу қаласындағы Еуразиялық экономикалық комиссиядағы Өкілдігінің директоры

Сұлтанов Руслан Серікұлы	-	"Сауда саясатын дамыту орталығы" " акционерлік қоғамының бас директоры
Шығамбаев Дәуір Батырұлы	-	"Сауда саясатын дамыту орталығы" " акционерлік қоғамы сауда-экономикалық ынтымақтастық департаментінің жобалау менеджері
Якупова Зифа Рафиковна	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің Қызметтер көрсету статистикасы департаментінің директоры
Ресей Федерациясынан		
Антошин Виктор Владимирович	-	Ресей Федерациясы Энергетика министрлігінің Мұнай мен газды өндіру және тасымалдау департаменті директорының орынбасары
Афоняшин Алексей Анатольевич	-	Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің Тарифтерді, инфрақұрылымдық реформаларды және энергия тиімділігін мемлекеттік реттеу департаменті директорының орынбасары
Волков Денис Игоревич	-	Тарифтер жөніндегі федералдық қызметтің Газ және мұнай салаларын реттеу басқармасының бастығы
Голубев Валерий Александрович	-	"Газпром" ашық акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары
Голомолзин Анатолий Николаевич	-	Монополияға қарсы федералдық қызмет басшысының орынбасары
Гришанин Максим Сергеевич	-	"АК "Транснефть" ашық акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті
Грязнов Михаил Борисович	-	Ресей Федерациясы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ өндеу департаментінің директоры
Золкин Никита Андреевич	-	Федералдық кеден қызметінің Федералдық кедендік кірістер және тарифтік реттеу басқармасы бастығының орынбасары
Дианова Надежда Ивановна	-	Монополияға қарсы федералдық қызметтің Отын-энергетика кешенін бақылау басқармасының бастығы

Лебединская Елена Викторона	-	Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау департаменті директорының орынбасары
Лихачев Алексей Евгеньевич	-	Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрінің бірінші орынбасары
Молодцов Кирилл Валентинович	-	Ресей Федерациясы Энергетика министрінің орынбасары
Савинов Александр Егорович	-	Ресей Федерациясы Энергетика министрлігінің Мұнай мен газды өндіру және тасымалдау департаменті директорының орынбасары
Степанова Валерия Алексеевна	-	Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің Тарифтерді, инфрақұрылымдық реформаларды және энергия тиімділігін мемлекеттік реттеу департаментінің референті
Турыгин Сергей Анатольевич	-	Ресей Федерациясы Қаржы министрлігі Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау департаментінің мұнай-газ секторын талдау бөлімінің бастығы